

Үйде оқитын мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 20 қаңтардағы № А-1/31 қаулысы. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 ақпанда № 1-2-154 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № а-11/502 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 14.11.2014 № а-11/502 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 11 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес Степногорск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. Үйде оқитын мүгедек-балаларға, тоқсан сайын әр мүгедек-балаға алты ай есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету.

2. Материалдық қамтамасыздандыру төлемдерін тоқтатуға әсер еткен жағдайлар пайда болған кезде (мектепті аяқтауы, мүгедек-баланың 18 жасқа жеткені, мүгедек-баланың қайтыс болуы, мүгедектігінің алынуы, тұрғылықты жері өзгеруі, үйде оқытуға қажеттілігінің жоқтығы туралы психико-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысының болуы) тиісті жағдайлар түскен күннен бастап төлем тоқтатылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.Ә.Сәдуақасоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі
«КЕЛІСІЛГЕН»

А.Никишов

«Степногорск қаласының
жұмыспен қамту және

мекемесінің бастығы

*әлеуметтік
бөлімі»
Л.Белоглядова*

*бағдарламалар
мемлекеттік*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК